

**Ақтөбе облыстық әкімдігінің бірлескен  
ҚАУЛЫСЫ және мәслихатының ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№

2021 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

**Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2011 жылғы 12 қазандағы №328/415 «Ақтөбе облысы бойынша жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы» бірлескен қаулысына және шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 10-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 және 27-баптарына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 26-бабына сәйкес, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2011 жылғы 12 қазандағы №328/415 «Ақтөбе облысы бойынша жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы» бірлескен қаулысына және шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3378 тіркелген, 2011 жылғы 8 қарашада «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

әкімдік пен мәслихаттың бірлескен қаулысы мен шешімінің қосымшасында:

Әйтеке би ауданы бойынша:

«Комсомол ауылдық округі» сөздері «Темірбек Жүргенов ауылдық округі» сөздерімен ауыстырылсын;

51 жолында «Комсомол ауылы» сөздері «Темірбек Жүргенов ауылы» сөздерімен ауыстырылсын;

«Басқұдық ауылдық округі» сөздері «Тұмабұлақ ауылдық округі» сөздерімен ауыстырылсын;

66 жолында «Тымабұлақ ауылы» сөздері «Тұмабұлақ ауылы» сөздерімен ауыстырылсын;

Қобда ауданы бойынша:

169 жолында «Калиновка ауылы» сөздері «Бесқұдық ауылы» сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысының және мәслихаттың шешімінің орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Облыс әкімі**

**О. ОРАЗАЛИН**

**Облыстық мәслихаттың  
хатшысы**

**А. НУГМАНОВ**

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**А.АЙТЖАНОВ**